

Егемен еліміздің ең ірі және көпсалалы университеті, үшінші мегаполистің ғылыми, білім, зияткерлік, мәдени орталығы болып саналатын — біздің Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіміздің (Auezov university) 80 жылдық мерейтойы жақындап келеді. Бүгінде осы айтулы датаға орай қызу өзіндік жұмыстары жүргізілуде.

Тарихқа үңілер болсақ, 1943 жылғы 19 маусымда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық комиссарлары Кеңесінің №679 қаулысымен Құрылыс материалдары технологиялық институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылданған екен. Жоғары оқу орнына Шымкенттің Совет (қазіргі Қазыбек би) көшесіндегі педагогикалық училищенің ғимараты беріліпті. Жаңадан ашылған оқу ордасының басшылығына Харьковтен келген Константин Александрович Деляур бекітілген. Алғашқы оқу жылында институт құрамында екі факультет: технологиялық және тау-кен факультеттері мен жеті кафедра болған. Нәбәрі 18 оқытушы, соның ішінде екі профессор, бес доцент болған. 240 студент орыс, еврей, украин, татар, армян, өзбек, беларусь, қазақ, көріс ұлтының өкілдерінен құралған.

1944 жылы институт басшылығына келген Сафа Үмбеталин профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға бас көңіл бөлген. «Силикаттар технологиясы», «Физика» зертханаларының ашылуын, 700 орындық оқу ғимараты мен 500 студентке арналған жатақхана салуды қолға алған. 1948 жылы институт өзінің алғашқы түлектерін ұшырған. Елуінші жылғы түлектер Ресей, Украина, Армения, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанға жіберілген.

1957 жылы институтта Аркадий Владимирович Измайлов директор болған кезде технологиялық және механикалық факультеттер жұмыс істеген. 1958 жылы жоғары оқу орнының басшылығына келген Қали Біләловтің тұсында республика экономикасының дамуына аса қажетті салалар бойынша мамандар даярлауға айрықша көңіл бөлінген. Қазақ технологиялық институты болып қайта құрылып, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналады.

1958 жылы Жамбылда (қазіргі Тараз) Қазақ технологиялық институтының кешкі филиалы, осының негізінде кейінірек Жамбыл жеңіл және тамақ өндірісі технологиялық институты ашылған. 1963 жылы Семейде Қазақ технологиялық институтының филиалы ашылып, соңынан Тамақ өнеркәсібі технологиялық институтына айналған.

1959 жылы институттың ректоры қызметіне аталмыш жоғары оқу орнының түлегі Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменов тағайындалған. Ол басқарған жылдар аралығында жоғары оқу орнының Бас ғимараты, «А» және «Б» оқу корпустары, төрт студенттер жатақханасы, асхана, «Машат» шатқалындағы демалыс лагері, оқу-зертханалық және спорт кешендері салынған.

1967 жылы ашылған Шымкент педагогикалық мәдениет институтына Сәдуақас Темірбеков он жылдай басшылық жасаған. 1977-1996 жылдары Мүтән Жүнісбаев жетекшілік еткен. 1990-1996 жылдары Шымкент дене тәрбиесі институтын Мардан Баймырзаұлы Сапарбаев басқарған болаын. Кейіннен осы екі жоғары оқу бірігіп, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті деп аталған.

1975-1980 жылдар аралығында жоғары оқу орнына Зейнолла Молдахметов басшылық еткен. Осы тұста «В»

МЕРЕЙЛІ МЕРЕЙТОЙЫМЫЗҒА ТАРТУЫМЫЗ МОЛ



оқу корпусы тұрғызылған.

1980-1987 жылдары институтқа шахмет Молдабеков басшылық жасаған. Осы кезеңде оқытушыларға арналған екі тұрғын үй, екі студенттер жатақханасы, «Машат» сауықтыру кешенінде көптеген жаңа құрылыстар бой көтерген.

1988-1991 жылдары институтты Михал Қасымұлы Наурызбаев басқарған. Осы кезеңде «Г» және «Д» оқу-зертханалық корпусы пайдалануға берілген.

1991-1997 жылдары институтқа Тынысбек Шеріпұлы Көлменов жетекшілік еткен. 1996 жылы жоғары оқу орны Қазақ химия-технологиялық институты деп аталған. 1997 жылы Оңтүстік Қазақстан Техникалық университеті болып қайта құрылған. Жоғары оқу орнымыз еліміздегі жетекші техникалық оқу орнының бірі болған.

1997-1998 жылдары жоғары оқу орнына Алпысбай Иманқұлұлы Айнабеков ректор болған кезде үздік студенттердің екінші курстан кейін Ресейдің жоғары оқу орындарында тегін білім алуына қолайлы жағдай жасалған. «Оңтүстік Қазақстандағы ғылым мен білім» деп аталатын ғылыми журнал жарық көре бастаған.

1998 жылы Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті мен Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетінің бірігуі негізінде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылған.

Жоғары оқу орнына 1998-2001 жылдары Есенгелді Әміржанұлы Медеуов, 2001-2011 жылдары Уәлихан Қозықеулі Бишімбаев, 2012-2017 жылдары Жұмахан Үшкөмпірұлы Мырхалықов басқарған болатын.

Қазіргі таңда Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Auezov university) коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрайымы — ректор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор, Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, «Amanat» партиясы фракциясының мүшесі Дария Пернешқызы Қожамжарованың білікті басшылығымен білім мен ғылым саласында көптеген ізгілікті де игілікті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Біздің университетіміз егемен еліміздегі озық жоғары оқу орындарының рейтингінде үздік үштіктен түспей келеді. Тіпті, кейбір рейтингтік көрсеткіштер бойынша одан да жоғары көрсеткіштерді еншілеп отыр. Мәселен, Білім беру сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің білім беру бағдарламалары рейтингі (БСҚА) — 34 білім беру

бағдарламасынан — бірінші орын; 35 білім беру бағдарламасынан — екінші орын; 15 білім беру бағдарламасынан — үшінші орын иеленді. Жоғары оқу орнымызда сән түрлі тақырыпта ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілуде. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет жетілдіріліп келеді. Осы орайда ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, ғылыми мектептер, жоғары мектептер мен зертханалардың атқарып отырған жұмысы орасан. Университетімізде 13 академик, 98 ғылым докторы, 71 PhD докторы, 125 профессор, 315 доцент, 354 ғылым кандидаты, 659 магистр еңбек етуде.

Университетіміздің 75 жылдығына орай «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың қызметкері жас ғалым — Әзімхан Исабек. Хакім Абайдың «кітаб тасдиқ» шығармасына текстологиялық, терминологиялық сараптама жүргізіп, транскрипция жасап, қазіргі уақытқа дейін талмай еңбек етуде. Сонымен қатар Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінде тәлім-тәрбие алатындардың да қатары жыл санап көбейіп келеді.

Университетімізде 301 оқу бағдарламасы бойынша терең білім беріледі: «Цифрлы Қазақстан», «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті», «Туған жер», «Жас патриот», «Алтын қор», «Геоақпараттық технология бойынша Қазақстан тарихын оқытудың мультимедиялық бағдарламасын құру», «100 жаңа есім», тағы басқа жобалар қолға алынған. Студенттердің сапалы білім, саналы тәрбие алумен қоса-қабат ғылыммен, спортпен, мәдени-көпшілік жұмыстарымен етене айналысуына барынша жағдай жасалған. Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті, Ақпараттық білім беру орталығы, «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы, Жастар орталығы, Оқу-жаттығу орталығы, Мансапты қолдау және жұмысқа орналастыру орталығы, Халықаралық байланыстар орталығы, Болон үрдісі және академиялық ұтқырлық орталығы, Оқу-ғылыми өндірістік кешендері, «Университет» газеті, фото және телестудия, музей, студенттерге психологиялық көмек көрсету орталығы, PR-бөлімі студент жастардың игілігіне берілген.

Мерейлі мерейтойымызға мол тартумен келіп отырмыз. Ең басты жағымды жаңалығымыз — Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мироманович Мирзиёвтің өзара келіссөздерінің қорытындылары

нәтижесінде Шыршық қаласында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (Auezov university) филиалы ашылатын бөрімізді қуантуды. Осылайша көрші елдегі студент жастар 18 оқу бағдарламасы бойынша білім алатын болады. Мұны университетіміздің биылғы мерейтойына тамаша тарту деп есептейміз.

Алда өтетін университетіміздің 80 жылдық мерейтойы — егемен еліміз өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі болмақ. Мерейлі мерейтой қарсаңында жоғары оқу орнын бітірген, есімі егемен елімізге белгілі тұлғаға айналған түлектеріміз жайлы айтпай кетуге болмайды. Олардың арасында Болат Әбжаппарұлы Жылқышиев, Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбеков, Амалбек Қозыбақұлы Тшанов, Оразалы Сәбден, Мұрат Жұрынов, Мырзатай Шалахметов, Жеңісбай Әбдікәрімұлы Сұлтанов, Нұрәулет Жұмағалиұлы Сәрсенов, Нұрбол Тұрашбеков, тағы басқалардың есімдерін қашанда ыстық ілтипатпен тілге аламыз. Әйгілі әншілер, Қазақстанның халық өртістері — Мақпал Мұхамедиярқызы Жүнісова, Нағима Қабдолқызы Есқалиева, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі Марат Әбдіұлы Омаров, әншілер — Ердос Әмзеханұлы Қанаев, Айдар Тұрғанбек, Бағлан Рашидұлы Әбдірайымов, Кенжебек Тұрсынбайұлы Жанәбілов, сатира актері Тұрсынбек Аманғалиұлы Қабатов секілді мәдениет пен өнердің танымал өкілдері бар. Спорт саңлақтарының арасынан көркем гимнастикадан Әлем Кубогы мен Азиаданың жүлдегері, құрлықтың абсолюттік чемпионы Әлия Мақсұтқызы Юсупова, бокстан Сидней Олимпиадасының чемпионы Бекзат Сейілханұлы Саттарханов, Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттарының жүлдегерлері — Мұхтархан Қобыланбекұлы Ділдебеков, Еркебұлан Құрмаханұлы Шыңәлиев, Әлем чемпиондары — Біржан Жақыпов, Махмұд Сабырхан, ауыр атлетикадан Бейжің Олимпиадасының чемпионы Алла Ивановна Важенина, ауыр атлетикадан Олимпиада ойындарының жүлдегері, Әлем және Универсиада чемпионы, құрлық чемпионатының жүлдегері Жазира Жаппарқұл, ауыр атлетикадан Азиада жүлдегері, құрлық чемпионы Татьяна Николаевна Хромова, еркін күрестен Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттарының жүлдегері, Азиада және құрлық чемпионы Елена Евгеньевна Шалыгина, нысана көздеуден Әлем чемпионы, Әлем Кубогы жарыстарының жүлдегері, Азиада чемпионы Ольга Вячеславовна Довгун, фристайл-акробатикадан Әлем чемпионы мен Әлем Кубогының жүлдегері, Еуропа Кубогының абсолюттік чемпионы Жанбота Еркінқызы Алдабергенова, суға жүзуден Азия чемпионы Анастасия Евгеньевна Прилепа, таэквондодан Әлем чемпионатының жүлдегері Нұрсұлтан Қамбарұлы Мамаев, стендтік атудан Еуропа чемпионатының жүлдегері Ангелина Михайловна Мищук, жеңіл атлетикадан Азия чемпионатының жүлдегері Наталья Евгеньевна Ивоинская — солардың санатында. Сөз орайы келгенде өзіміздің де осы жоғары оқу орнында тәлім-тәрбие алып, оны үздік дипломмен бітіргенімді, бүгінде университет қабырғасында қызмет ететінімді мақтаныш тұтамын.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
Ақпараттық білім беру
орталығының кітапханашысы,
педагогика және психология
ғылымдарының магистрі, аталмыш
жоғары оқу орнының 2016 жылғы
үздік түлегі